

7. Erkebaeva S.Zh. Zhaңartylған bilim mazmұny zhađdajynda mektepke dejingi eresek zhastay balalardyң kommunikativtik dađdysyn damytu : dis. ... ped. ыл. kand. – Almaty, 2023. – 160 b.
8. Rao M. Myths and truths about soft skills // T+D Talent Development. – 2012. – Vol. 66, № 5. – P. 48–51.
9. Diakiw J. Good for kids, good for us: Socio-emotional skill development in the early years [Elektronnyj resurs] // Our Schools Our Selves. – 2016. – Vol. 25, № 2. – P. 39–46. – URL: <https://diakiwsdigest.wordpress.com/2016/02/11/good-for-kids-good-for-us/> (data obrasheniya: 26.08.2024).
10. Bayrami L., Gordon M. Lighting the footpath to a peaceful future: The roots of empathy program // Exchange. – 2017. – № 234. – P. 8–11.
11. Tedesco J., Opertti R., Amadio M. The curriculum debate: Why it is important today // Prospects. – 2014. – Vol. 44, № 4. – P. 527–546.
12. De Haan J., Kuiper E., Pijpers R. Young children and their digital skills in the Netherlands // International Journal of Media & Cultural Politics. – 2011. – Vol. 6, № 3. – P. 327–333.
13. Zhadko N.V., Bezrukih M.M. Formirovanie «myagkih» navykov v professionalnom obuchenii [Elektronnyj resurs] // Professionalnoe obrazovanie. Stolica. – 2011. – № 8. – S. 14–15. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=16550458> (data obrasheniya: 15.11.2025).
14. Shajhutdinova H.A. Formirovanie soft skills v processe podgotovki studentov k uspehnoj professionalnoj deyatel'nosti [Elektronnyj resurs] // Povolzhskij pedagogicheskij vestnik. – 2020. – T. 8, № 2(27). – S. 99–106. – URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44141331> (data obrasheniya: 15.11.2025).
15. Bogdan E.S. Razvitiye soft skills kak vazhnyj komponent formirovaniya kompetencij konkurentosposobnyh vypusknikov inzhenernyh napravlenij [Elektronnyj resurs] // Vestnik Evrazijskoj nauki. – 2019. – T. 11, № 3. – S. 1–7. – URL: <https://esj.today/24ecvn319.html> (data obrasheniya: 16.11.2025).
16. Succi C. Soft skills for the next generation: Toward a comparison between employers and graduate students' perceptions // Sociologia del Lavoro. – 2015. – № 137. – P. 244–256.
17. Hladun L., Shyshak A., Rudenskiy R., Tirpák P., Akimjak A., Moh'd Mansour A. Theatrical Activity as a Means of Forming Soft Skills in Senior Preschoolers // Journal of Education Culture and Society. – 2025. – Vol. 16, № 1. – P. 739–753. – DOI: <https://doi.org/10.15503/jecs2025.2.739.753>.

МРНТИ 14.35.35

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.031>

Н.Н. Тилеубаева,<sup>1\*</sup> Г.Г. Жусупбекова,<sup>2</sup> О.А. Смирнова,<sup>2</sup> Б.Кенджаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

<sup>3</sup> Халықаралық туризм және меймандостық университет, Түркістан қ., Қазақстан

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН МУЗЫКАЛЫҚ-ОЙЫН ӘРЕКЕТІ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақала мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың мәнін анықтау және түрлі түсініктемелерді саралап, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін жан-жақты талдауға бағытталды. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру бағытындағы тәрбие мен оқыту мәселелерінің өзектілігі нормативтік құжаттарда талқыланды. Зерттеудің теориялық әдістеріне сай зерттеу жұмысының барысында негізгі ұғымдардың мәнін анықтау және түрлі түсініктемелерді саралау мақсатында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен тақырып аясындағы ғылыми еңбектерге талдау жасалды.

Зерттеудің эмпирикалық әдістеріне сай тәжірибелік-эксперимент жұмыс жүргізіліп, оның міндеттері анықталды. Эксперименттік-эмпирикалық зерттеуде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамының даму ерекшеліктері мен деңгейлерін айқындалды және көптеген Эксперименттік-эмпирикалық зерттеуде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамының даму ерекшеліктері мен деңгейлерін айқындау үшін бізбен төмендегі диагностикалық әдістемелер қолданылды: «Эстетикалық қызығушылықты диагностикалау» әдістемесі (авторлық сауалнама); «Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі (авторы О.П.Радынова); Р.М.Чумичеваның «Сұлулық» санатына мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық қатынасын

зерттеу әдістемесі; А.Н.Зиминаның «Мектеп жасына дейінгі балалардың музыканы қабылдауға деген қызығушылығының эмоционалды реакциясы мен тұрақтылығын анықтау» әдістемесі; С.А.Карташевтің «Музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі» әдістемесі (авторлық модификацияда); «Эстетикалық тәрбиелілікті» зерттеу сауалнамасы (авторлық сауалнама) нәтижелері көрсетілді.

**Түйін сөздер:** эстетикалық талғам, музыкалық-ойын әрекеті, эстетикалық тәрбие, музыкалық өнер, диагностика.

Тилеубаева Н.Н.,<sup>1\*</sup> Жусупбекова Г.Г.,<sup>2</sup> Смирнова О.А.,<sup>2</sup> Кенджаева Б.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г.Кокшетау, Казахстан*

<sup>3</sup> *Международный университет туризма и гостеприимства, г.Туркестан, Казахстан*

## ОПЫТНО-ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ РАБОТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВКУСА ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ПРОЦЕССЕ МУЗЫКАЛЬНО-ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

### Аннотация

Данная статья была направлена на выявление сущности основных понятий в формировании эстетического вкуса детей старшего дошкольного возраста в процессе музыкально-игровой деятельности и разграничение различных объяснений, всесторонний анализ компонентов, критериев и показателей формирования эстетического вкуса детей старшего дошкольного возраста. Актуальность вопросов воспитания и обучения в направлении формирования эстетического вкуса детей обсуждалась в нормативных документах. В соответствии с теоретическими методами исследования в ходе исследовательской работы были проанализированы теоретические основы проблемы формирования эстетического вкуса детей старшего дошкольного возраста в процессе музыкально-игровой деятельности, исследования отечественных и зарубежных ученых и научные труды по теме с целью выявления сущности основных понятий и дифференциации различных объяснений.

В соответствии с эмпирическими методами исследования была проведена опытно-экспериментальная работа, определены ее задачи. В экспериментально-эмпирическом исследовании выявлены особенности и уровни развития эстетического вкуса у детей старшего дошкольного возраста, и во многих экспериментально-эмпирических исследованиях для определения особенностей и уровней развития эстетического вкуса у детей старшего дошкольного возраста нами были использованы следующие диагностические методики: методика диагностики эстетического интереса "(авторский опрос); методика "диагностика эстетического вкуса" (автор О.П.Радынова); Методика изучения эмоционально-личностного отношения дошкольников к категории «Красота» Р.М.Чумичевой; методика А.Н.Зиминой «определение эмоциональной реакции и устойчивости интереса дошкольников к восприятию музыки»; методика С.А.Карташева «уровень сформированности музыкально-эстетической культуры» (в авторской модификации); Были показаны результаты исследования эстетического воспитания " (авторский опрос).

**Ключевые слова:** эстетический вкус, музыкально-игровая деятельность, эстетическое воспитание, музыкальное искусство, диагностика.

Tileubayeva N.,<sup>1\*</sup> Zhussupbekova G.,<sup>2</sup> Smirnova O.,<sup>2</sup> Kenjayeva B.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan*

<sup>3</sup> *International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan*

## EXPERIMENTAL WORK ON THE FORMATION OF AESTHETIC TASTE IN CHILDREN OF PRESCHOOL ADULTHOOD IN THE PROCESS OF MUSICAL AND GAME ACTIVITY

### Abstract

This article was aimed at a comprehensive analysis of the Components, criteria and indicators of the formation of aesthetic taste of children of preschool adulthood in the process of musical and game activity, identifying the essence of the basic concepts in the formation of aesthetic taste of children of preschool adulthood and differentiating various interpretations. The relevance of the problems of education and training in the direction of the formation of aesthetic taste in children was discussed in regulatory documents. In accordance with the theoretical methods of research, the theoretical foundations of the problem of the formation of aesthetic taste in children of preschool adulthood in the process of musical and game activity,

research of domestic and foreign scientists and scientific works on the topic were analyzed in order to identify the essence of basic concepts and differentiate various explanations.

In accordance with empirical research methods, experimental work was carried out and its tasks were determined. In an experimental and empirical study, the features and levels of development of aesthetic taste of children of preschool adulthood were identified, and in many experimental and empirical studies, the following diagnostic methods were used by us to determine the features and levels of development of aesthetic taste of children of preschool adulthood: the methodology "diagnosis of aesthetic interest" (author's questionnaire); the methodology "diagnosis of aesthetic taste" (author Radynova O.P.); The methodology of studying the emotional and personal attitude of preschoolers to the category "Beauty" by R.M.Chumicheva; the methodology of A.N.Zimina "determining the emotional reaction and stability of the interest of preschoolers in the perception of music"; the methodology of S.A.Kartashev "the level of formation of musical and aesthetic culture" (in the author's modification); the results of the survey of the study of "aesthetic.

**Keywords:** aesthetic taste, musical and game activity, aesthetic education, musical art, diagnostics.

**Кіріспе.** Сандық технология мен виртуалды әлемге тәуелділіктің тез өсуі кезінде балалардың эстетикалық талғамы мен оны қалыптастыру мәселесі өзекті бола түсуде. Өйткені, терең эстетикалық сезімдер, табиғатта, қоршаған ортадағы шындықта сондай-ақ, өнердегі сұлулық пен асқақтықты қабылдау және оны игере алу қабілеті адамның рухани өмірінің маңызды шарты болып табылады. Қазіргі таңда эстетикалық талғам тақырыбының әлеуметтік маңызы күн санап артуда. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру бағытындағы тәрбие мен оқыту мәселелерінің өзектілігіне жаңа көзқарас қажеттігі туындады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды, балалардың шығармашылық дағдыларын, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамдарын дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады», - деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілген болатын. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Сондай-ақ оны іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтіні нақты міндет ретінде айқындалған [2].

Осыған байланысты еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында жүргізілген зерттеулер барысында мынадай нәтижелер анықталды: «Музыка/қозғалыс» көрсеткіші бойынша балалардың музыканы тыңдау және әр түрлі қимылдар жасау мүмкіндігі болғанымен, музыкалық аспаптардың қолжетімсіздігі немесе өз бетінше қолдану тәжірибесінің болмауы; «Рөлдік ойындар» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың көпшілігінде рөлдік ойындарға арналған материалдар, ауыстыратын киімдер мен костюмдер, арнайы ойыншықтардың, күрделі рөлдік ойындарды ойнауға материал мен уақыттың жеткіліксіздігі айқындалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы міндеттерінің бірі – «...балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру және дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады...» [3].

Эстетикалық талғамды қалыптастыру көркемдік пен ұсқынсыздықтың ара-жігін ажырату қабілетін тәрбиелейді. Эстетикалық талғам тәрбиенің көптеген аспектілерімен байланысты

болады, олар: балада сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін дамытатын моральдық тәрбие; балаға адамдардың еңбегін құрметтеуге, жасалған нәрсенің сұлулығын көруге көмектесетін еңбек тәрбиесі; баланың қоршаған ортадағы сұлулықты қабылдау қабілеті оның рухани және эмоционалды өмірінің маңызды шарты болып табылады [4].

Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру балалармен жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың нәтижелі болуының негізі болып табылады.

Эстетикалық талғам қалыптастырудың алғы шарты мен құралы мектеп жасына дейінгі балалардың педагогтың өзі ұйымдастыратын және өз бетінше жүргізетін көркемдік іс-әрекеті болып табылады. Балаға белсенді тәрбие беру – тәрбие заңдылықтарының бірі екені белгілі. Көркемдік іс-әрекетті өнерге тікелей қатысты болғанда айтамыз: театр ойындары, сөздік және көркемдік шығармашылық, музыкалық өнер, бейнелеу және сәндік-қолданбалы тәжірибе, дизайн.

Эстетикалық талғам қалыптастыру – жоғары мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажетті алғышарты. Педагогикада эстетикалық тәрбиені өмірдегі және өнердегі әсемдікті қабылдау, жақсы мен жаманның аражігін айыра білу, оны дұрыс түсіну, әсемдікті бағалау және жасау қабілетін арттыру деп түсінеді. Баланың тұлғалық қалыптасуы мектепке дейінгі кезеңде жүзеге асады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда музыкалық іс-әрекет үдерісінде балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру мәселесі бойынша біршама жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасалған талдау барысында балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру мәселесінің әлі де жете зерттелмегені, жүйелі және бірізділіктің болмауы, классикалық музыканың ескерілмей, халық музыкасын қолдану әлі де жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Зерттеуіміздің мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастыруды теориялық негіздеу, әдістемелік жүйесін жасау және оны тәжірибеде тексеріп, ұсыныстар әзірлеу. Ол үшін түйінді ұғымдардың мәнін нақтылау, ... айқындау және оны эксперименттік жұмыста тексеру міндеттерін белгілеп, жүру барысын келесі бөлімде баяндаймыз.

Мектеп жасына дейінгі балаға көркемөнер арқылы, яғни бейнелеу іс-әрекеті мен музыка сабақтары негізінде эстетикалық тәрбие беру мазмұнын ғалымдар: Т.Н.Доронова В.С.Ветлугина, В.А.Езикеева, В.М.Изгаршева, В.Б.Косминская, Т.С. Т.Г.Казакова, Н.П.Сакулина, Н.Б.Халезова, С.Г.Якобсон т.б. зерттеді. Көркемөнер мен эстетикалық тәрбиенің психологиялық аспектілерін: Б.Г.Ананьев, Л.Выготский, Е.И.Игнатъев, А.Н.Леонтьев, Б.М.Теплов, П.М.Якобсон, А.В.Запорожец, В.С.Мухина, А.Люблинская, В.Кравцова зерттеулерінде қарастырылған. Қазақстанда психологиялық мәселелерді зерттеуде С.Балаубаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Х.Шерязданова, М.Жакупов, Ж.Намазбаева, А.А.Нурахонова т.б. еңбектері жарық көрген.

*Негізгі ережелер:* - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамытудың моделінде көрсетілген балалардың эстетикалық талғамы дамуының компоненттері, критерийлері мен көрсеткіштеріне сәйкес адекватты психодиагностикалық әдістемелерінің мазмұны;

- зерттелушілердің таңдама топтарын айқындап, олармен жүргізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар;

– арнайы құрылған авторлық сауалнамалар негізінде мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілері мен ата-аналардың мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамыту туралы ой-пікірлері;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамы дамуының деңгейін алғашқы реттік диагностикалар;

- «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамы – баланың қоршаған ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті, көркем бейнелерді, өнер туындыларын және табиғат сұлулығын қабылдап, бағалай алу қабілетін сипаттайтын тұлғалық қасиет»

-«эстетикалық талғам» – баланың эстетикалық қабылдау, эстетикалық эмоция, бағалау және шығармашылық әрекет компоненттерінің бірлігін қамтитын күрделі психологиялық-педагогикалық құрылым».

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің теориялық әдістеріне сай зерттеу жұмысының барысында негізгі ұғымдардың мәнін анықтау және түрлі түсініктемелерді саралау мақсатында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен тақырып аясындағы ғылыми еңбектерге талдау жасалды.

Зерттеудің эмпирикалық әдістеріне сай тәжірибелік-эксперимент жұмыс жүргізілді, оның келесідей міндеттері анықталды:

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамытудың моделінде көрсетілген әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар негізінде балалардың эстетикалық талғамы дамуының компоненттері, критерийлері мен көрсеткіштеріне сәйкес адекватты психодиагностикалық әдістемелерді сұрыптау;

- зерттелушілердің таңдама топтарын айқындап, олармен жүргізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру;

- арнайы құрылған авторлық сауалнамалар негізінде мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілері мен ата-аналардың мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамыту туралы ой-пікірлерін анықтау;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамы дамуының деңгейін алғашқы реттік диагностика негізінде анықтау;

- қалыптастырушы эксперимент барысында жүзеге асырылған музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамытудың кешенді бағдарламасының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс аясында тексеру;

- алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңдеу және талдау, зерттеу болжамын дәлелдеу және тұтас жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін қорытындылау.

Бұл міндеттердің жүзеге асу барысы туралы зерттеуіміздің келесі бөлімінде баяндайтын боламыз.

Біз мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері бойынша жіктеп, көрсеттік (1-кесте).

1 кесте – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Танымдық-мотивациялық компонент	Баланың танымдық қажеттіліктері даму деңгейі; эстетикалық қызығушылықтардың қалыптасуы	- эстетикалық таным белсенділігінің деңгейі; - түрлі әуендерге қатысты сұрақтарды қою қабілеті; - танымдық мотивацияның дамуы; - эстетикалық қажеттілік пен қызығушылықтың дамуы
Эмоционалдық-мәдени компонент	Эстетикалық талғам, музыкаға эмоционалдық реакция	- басқа адамның эмоцияларын танып-түсіну; - қарым-қатынас процесіне кіріп, сұхбаттасушының зейінін өзіне аудару; - музыканы эстетикалық қабылдау; - музыканы қабылдауға деген қызығушылыққа байланысты эмоционалды реакция білдіре алу
Мінез-құлықтық компонент	Балалардың жасына сай эстетикалық мәдениеті мен тәрбиелілігінің қалыптасуы	- әдемі әуенді тандай білу; - эстетикалық мәдениетті таныту; - эстетикалық тәрбиелілікті мінез-құлқында көрсету; - музыканың ырғағына байланысты билеу және ән айта алу.

1-кестеде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырудың құрылымдық мазмұны үш негізгі компонент арқылы жүйеленген: танымдық-мотивациялық, эмоционалдық-мәдени және мінез-құлықтық компоненттер. Бұл компоненттер баланың эстетикалық дамуын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді және эстетикалық талғамның қалыптасу деңгейін анықтайтын өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесін қамтиды.

*Танымдық-мотивациялық компонент* эстетикалық талғамның бастапқы негізін құрайды және баланың өнерге, музыкаға, әсемдікке деген танымдық қызығушылығы мен қажеттіліктерінің даму деңгейін сипаттайды. Бұл компонент арқылы баланың эстетикалық құбылыстарға қызығушылық танытуы, қоршаған ортадағы әдемілікті тануға ұмтылысы және жаңа әсерлерді қабылдауға даярлығы анықталады. Танымдық-мотивациялық компоненттің өлшемдері баланың танымдық қажеттіліктерінің қалыптасуымен және эстетикалық қызығушылықтарының дамуымен байланысты [5]. Оның көрсеткіштері ретінде эстетикалық таным белсенділігі, музыка немесе әуен туралы сұрақтар қою қабілеті, танымдық мотивацияның көрінуі және эстетикалық қажеттіліктің қалыптасуы қарастырылады. Бұл көрсеткіштер баланың эстетикалық мазмұндағы ақпаратқа қызығушылық танытып, оны түсінуге талпыныс жасайтынын білдіреді.

*Эмоционалдық-мәдени компонент* баланың эстетикалық қабылдауындағы эмоционалдық тәжірибесін және мәдени мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайды. Эстетикалық талғам тек танымдық деңгейде ғана емес, эмоциялық қабылдау арқылы да қалыптасады. Осы компонент шеңберінде баланың музыканы тыңдау кезіндегі сезімдік әсерлері, эмоцияларды тану және эстетикалық құндылықтарға эмоционалдық жауап беру қабілеті бағаланады [6]. Өлшем ретінде эстетикалық талғам мен музыкаға эмоционалдық реакция алынса, көрсеткіштер қатарында басқа адамның эмоцияларын түсіну, қарым-қатынасқа еркін түсу, музыканы эстетикалық қабылдау және оған эмоционалды жауап бере алу қарастырылады. Бұл баланың музыка арқылы көңіл-күйді сезінуін, эмоциялық әсерге енуін және эстетикалық тәжірибені мәдени тұрғыдан қабылдауын көрсетеді.

*Мінез-құлықтық компонент* эстетикалық талғамның сыртқы әрекетте көрінуін сипаттайды. Бұл компонент баланың эстетикалық тәрбиелілігінің күнделікті мінез-құлқында, іс-әрекетінде және музыкалық әрекеттерінде байқалуын қамтиды. Эстетикалық мәдениет баланың тек қабылдауымен шектелмей, оның әрекетінде көрінуі маңызды. Өлшем ретінде балалардың жас ерекшелігіне сәйкес эстетикалық мәдениеті мен тәрбиелілігінің қалыптасуы алынған [7]. Көрсеткіштері ретінде әдемі әуенді таңдай білу, эстетикалық мәдениетті көрсету, тәрбиелілікті мінез-құлқында байқату, музыканың ырғағына сәйкес билеу және ән айту қабілеті қарастырылады. Бұл баланың эстетикалық әсерді тәжірибелік әрекетке айналдыра алатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, ұсынылған компоненттер, өлшемдер және көрсеткіштер мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруды кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Олар эстетикалық тәрбиенің мазмұнын жүйелеуге, диагностикалық құралдарды анықтауға және эстетикалық дамудың деңгейлерін белгілеуге ғылыми негіз болады.

**Нәтижелер мен талқылау.** Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа Көкшетау қаласының мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары «Алтын бала» балабақшасынан 50 бала, «Жұлдыз», «Аққу» атты ересек топтары бақылау топтарына кіріктірілсе, ал эксперименттік топқа «Zetek» бөбекжай-балабақшасынан 50 бала, «Күншуақ», «Бәйтерек» топтарынан алынды.

Таңдама тобындағы зерттелушілер саны. Эксперименттік-эмпирикалық зерттеуге барлығы 100 бала қатысты. Олардың ішінде эксперименттік топта 50 бала, бақылау тобында 50 бала болды.

Эксперименттік-эмпирикалық жұмыс үш кезеңнен тұрады: анықтаушы эксперименті; қалыптастырушы эксперимент; бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті.

Анықтаушы экспериментінің мақсаты – алғашқы диагностикалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-

ойын әрекеті үдерісінде дамытудың әдіс-тәсілдері мен педагогикалық-психологиялық технологияларын айқындап, дайындау, сондай-ақ мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын дамыту моделінің компоненттерін бөліп көрсетудің негізінде балалардың эстетикалық дағдылар дамуының деңгейлерін (жоғары, орташа, төмен) анықтау.

Эксперименттік-эмпирикалық зерттеуде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамының даму ерекшеліктері мен деңгейлерін айқындау үшін бізбен төмендегі диагностикалық әдістемелер қолданылды:

- 1) «Эстетикалық қызығушылықты диагностикалау» әдістемесі (авторлық сауалнама);
  - 2) «Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі (авторы О.П. Радынова) [8];
  - 3) Р.М.Чумичеваның «Сұлулық» санатына мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық қатынасын зерттеу әдістемесі [9];
  - 4) А.Н. Зиминаның «Мектеп жасына дейінгі балалардың музыканы қабылдауға деген қызығушылығының эмоционалды реакциясы мен тұрақтылығын анықтау» әдістемесі [10];
  - 5) С.А. Карташевтің «Музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі» әдістемесі (авторлық модификацияда) [11];
  - 6) «Эстетикалық тәрбиелілікті» зерттеу сауалнамасы (авторлық сауалнама)
- Жоғарыда сипатталған жұмыс түрлері бойынша алынған сандық мәліметтерді кестеге түсіріп, деңгей бойынша топтардың әлеуетін байқап көрелік (2-кесте).

2-кесте – Анықтаушы экспериментті кезеңде алынған пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Эксперименттік топ (50 бала)	Бақылау тобы (50 бала)
<b>«Эстетикалық қызығушылықты диагностикалау» әдістемесі</b>		
Жоғары	9 (20,4 %)	10 (23 %)
Орташа	25 (46,3 %)	25 (46,2 %)
Төмен	17 (33,3 %)	16 (30,8 %)
<b>«Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі</b>		
Жоғары	8 (16 %)	9 (18 %)
Орташа	24 (48 %)	26 (52 %)
Төмен	18 (36 %)	15 (30 %)
<b>Р.М.Чумичеваның "Сұлулық" санатына мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық қатынасын зерттеу әдістемесі</b>		
Жоғары	9 (18 %)	10 (20 %)
Орташа	26 (52 %)	24 (48 %)
Төмен	15 (30 %)	16 (32 %)
<b>Музыканы қабылдауға эмоционалды реакциясы</b>		
Жоғары	8 (16 %)	9 (18 %)
Орташа	27 (54 %)	26 (52 %)
Төмен	15 (30 %)	15 (30 %)
<b>Музыкаға қызығушылықтың тұрақтылығы</b>		
Жоғары	10 (20 %)	11 (23 %)
Орташа	26 (52 %)	25 (50 %)
Төмен	14 (28 %)	14 (28 %)
<b>Музыка әуеніне сәйкес мінез-құлықтың көріну дәрежесі</b>		
Жоғары	9 (18 %)	10 (20 %)
Орташа	25 (50 %)	26 (52 %)
Төмен	16 (32 %)	14 (28 %)
<b>«Музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі» әдістемесі (С.А.Карташев әдістемесі)</b>		
Жоғары	10 (20 %)	10 (20 %)
Орташа	27 (54 %)	24 (48 %)
Төмен	13 (26 %)	16 (32 %)


2-кестеде анықтаушы эксперимент кезеңінде эксперименттік (ЭТ, n=50) және бақылау (БТ, n=50) топтарындағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру деңгейлері әртүрлі диагностикалық әдістемелер негізінде салыстырылған.

Нәтижелер екі топтың бастапқы көрсеткіштерінің бір-біріне жақын екенін және зерттеу басталған кезеңде топтардың деңгейлік теңдігін көрсетеді.

«Эстетикалық қызығушылықты диагностикалау» әдістемесі бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 20,4%, бақылау тобында 23% құрады. Орташа деңгей сәйкесінше 46,3% және 46,2%, ал төмен деңгей 33,3% және 30,8% болды. Айырмашылықтардың 2–3% шамасында болуы топтардың эстетикалық қызығушылық деңгейі бойынша бастапқы жағдайының шамалас екенін дәлелдейді. «Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі нәтижелері бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 16%, бақылау тобында 18% болды. Орташа деңгей ЭТ-де 48%, БТ-де 52%, ал төмен деңгей сәйкесінше 36% және 30%-ды көрсетті. Бұл көрсеткіштер балалардың эстетикалық талғамының негізінен орта деңгейде қалыптасқанын, жоғары деңгейдегі балалар санының аз екенін байқатады.

Р.М.Чумичева ұсынған «Сұлулық» санатына эмоционалды-тұлғалық қатынасты анықтау әдістемесі бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 18%, бақылау тобында 20% болды. Орташа деңгей 52% және 48%, ал төмен деңгей 30% және 32% көрсетті. Нәтижелер балалардың эстетикалық құндылықтарға эмоционалды қатынасының көбіне орташа деңгейде екенін көрсетеді. Музыканы қабылдауға эмоционалды реакция көрсеткіштері бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 16%, бақылау тобында 18%; орташа деңгей 54% және 52%; төмен деңгей екі топта да 30% құрады. Бұл нәтижелер балалардың музыкалық қабылдауының эмоционалдық деңгейі бойынша топтардың бастапқы көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екенін дәлелдейді. Музыкаға қызығушылықтың тұрақтылығы бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 20%, бақылау тобында 23%; орташа деңгей 52% және 50%; төмен деңгей екі топта да 28% болды. Бұл көрсеткіштер балалардың музыкаға деген қызығушылығының орташа деңгейде тұрақтанғанын көрсетеді. Музыка әуеніне сәйкес мінез-құлықтың көріну дәрежесі бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 18%, бақылау тобында 20%; орташа деңгей 50% және 52%; төмен деңгей 32% және 28% болды. Айырмашылықтардың аз болуы екі топтың мінез-құлықтық эстетикалық көріністері жағынан бірдей деңгейде екенін білдіреді.

С.А.Карташев әдістемесі бойынша музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі эксперименттік топта жоғары деңгейде 20%, бақылау тобында 20%; орташа деңгей 54% және 48%; төмен деңгей 26% және 32% болды. Бұл көрсеткіштер балалардың эстетикалық мәдениетінің негізінен орта деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Математикалық-статистикалық тұрғыдан қарағанда, барлық әдістемелер бойынша эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 2–6% аралығында ғана болды. Бұл айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан елеулі емес және зерттеудің бастапқы кезеңінде екі топтың деңгейлік тұрғыдан біркелкі қалыптасқанын көрсетеді. Жалпы алғанда, анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша екі топтағы балалардың эстетикалық талғамының даму деңгейі көбінесе орташа деңгейде шоғырланған. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің төмен болуы эстетикалық тәрбиеге бағытталған арнайы педагогикалық ықпалдың қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен қатар төмен деңгейдегі балалар үлесінің 26–36% аралығында болуы эстетикалық қабылдау, эмоционалдық мәдениет және музыкалық қызығушылықты дамытуға арналған мақсатты жұмыстардың маңыздылығын айқындайды. Алынған нәтижелер диаграммаға түсірілді (1-суретте көрсетілді).




1-сурет – Анықтаушы эксперименттегі зерттелуші топтардағы балалардың музыкалық-эстетикалық мәдениетінің даму деңгейі

Кесте мен диаграммадан көріп тұрғанымыздай, екі топтағы балалардың эстетикалық мәдениет деңгейлері орташа және төмен болғаны байқалды.

Сонымен, диагностикалық әдістемелер кешенін анықтаушы экспериментте қолдану нәтижесінде бізбен мектепке дейінгі жастағы ересек жастағы балалардың көбісінде орташа және төмен деңгейдегі эстетикалық талғамдары анықталды. Алынған нәтижені жақсарту мақсатында қалыптастырушы эксперименттік кезең жүргізілді. Онда «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастыру» атты авторлық бағдарлама бойынша жұмыс жүргізілді. Авторлық бағдарламаның өзектілігі мынада: сандық технология мен виртуалды әлемге тәуелділіктің тез өсуі кезінде балалардың эстетикалық талғамы мен оны қалыптастыру мәселесі өзекті бола түсуде. Өйткені, терең эстетикалық сезімдер, табиғатта, қоршаған ортадағы шындықта сондай-ақ, өнердегі сұлулық пен асқақтықты қабылдау және оны игере алу қабілеті адамның рухани өмірінің маңызды шарты болып табылады.

Авторлық бағдарлама келесідей мазмұнда құрылды (2-сурет).



2-сурет – «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті үдерісінде қалыптастыру» атты авторлық бағдарлама мазмұны

Мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық талғам қалыптастыру, тәрбие беру мәселелері қоғамның шығармашылық адамдарға деген сұранысының артуымен анықталады. Балалық шақтың мектепке дейінгі кезеңі жалпы алғанда баланың ішкі дүниесінің, оның рухани жан дүниесінің дамуының және жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуының бастапқы кезеңі болып саналады. Бұл жас қарқынды даму және музыкалық сезімталдық кезеңі. Баланы

музыкамен таныстыру баланы қызықты, қуанышты тәжірибелер әлемімен таныстырады және олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өмірді эстетикалық талғам тұрғысынан игеруіне жол ашады. Музыкалық өнер қазіргі мектепке дейінгі тәрбие процесінің орталық құрамдас бөлігі болуы керек, өйткені музыка баланың тұтас, жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның мәдениетін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын, қабілеттері мен ынталарын қалыптастыруға тиімді әсер етеді, табысты оқу, даму және әлеуметтену барысында. Музыка басқа өнер және ғылымдармен интеграциялану үшін шексіз мүмкіндіктер ұсынады. Арнайы таңдалған, бейімделген музыкалық-көркемдік материал мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы оқу қызметінің кез келген түрінің мазмұнын байытып, балалардың интеллектуалдық, дене, көркем-шығармашылық, еңбек, психоэмоционалдық, әлеуметтік-коммуникативтік белсенділігін, шығармашылық дағдыларын дамытуды қамтамасыз ете алады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында балалар іс-әрекетінің барлық түрлерінің музыкалық-эстетикалық тәрбие құрамдас бөлігінің мазмұнын байыту нәтижесінде ерекше біртұтас музыкалық-эстетикалық орта жасалады.

Сонымен бізбен эксперименттік топ балаларымен әр түрлі әдіс-тәсілдер мен формаларда жүргізілген дамытушы ойындарды жүргізуден тұрған қалыптастырушы іс-шаралардан кейін зерттелуші топтарда эстетикалық дағдылар дамуының деңгейлеріне екінші реттік диагностика жүргізілді. Нәтижесі 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте – Қалыптастыру эксперимент кезеңінде алынған пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Эксперименттік топ (50 бала)	Бақылау тобы (50 бала)
<b>Авторлық сауалнама</b>		
Жоғары	16 (32 %)	10 (20 %)
Орташа	25 (50 %)	24 (48 %)
Төмен	9 (18 %)	16 (32 %)
<b>«Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі</b>		
Жоғары	17 (34 %)	10 (20 %)
Орташа	25 (50 %)	25 (50 %)
Төмен	8 (16 %)	15 (30 %)
<b>Р.М.Чумичеваның "Сұлулық" санатына мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық қатынасын зерттеу әдістемесі</b>		
Жоғары	15 (30 %)	10 (20 %)
Орташа	26 (52 %)	25 (50 %)
Төмен	9 (18 %)	15 (30 %)
<b>Музыканы қабылдауға эмоционалды реакциясы</b>		
Жоғары	17 (34 %)	9 (18 %)
Орташа	25 (50 %)	26 (52 %)
Төмен	8 (16 %)	15 (30 %)
<b>Музыкаға қызығушылықтың тұрақтылығы</b>		
Жоғары	15 (30 %)	10 (20 %)
Орташа	26 (52 %)	26 (52 %)
Төмен	9 (18 %)	14 (28 %)
<b>Музыка әуеніне сәйкес мінез-құлықтың көріну дәрежесі</b>		
Жоғары	18 (36 %)	11 (23 %)
Орташа	25 (50 %)	25 (50 %)
Төмен	7 (14 %)	14 (28 %)
<b>«Музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі» әдістемесі (С.А.Карташев әдістемесі)</b>		
Жоғары	15 (30 %)	10 (20 %)
Орташа	26 (52 %)	24 (48 %)
Төмен	9 (18 %)	16 (32 %)

3-кестеде қалыптастыру эксперименті кезеңінде эксперименттік (ЭТ, n=50) және бақылау (БТ, n=50) топтарындағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамының қалыптасу деңгейлері бойынша алынған нәтижелер көрсетілген. Мәліметтер әртүрлі

диагностикалық әдістемелер арқылы бағаланып, қалыптастырушы педагогикалық ықпалдың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижелер эксперименттік топта эстетикалық талғам компоненттерінің барлық бағыттары бойынша оң өзгерістердің байқалғанын көрсетеді. Авторлық сауалнама нәтижелері бойынша эксперименттік топта жоғары деңгейдегі балалар үлесі 32%-ды құраса, бақылау тобында 20% болды. Орташа деңгей эксперименттік топта 50%, бақылау тобында 48% көрсеткішін көрсетті. Төмен деңгей эксперименттік топта 18%, бақылау тобында 32% болды. Бұл көрсеткіштер эксперименттік топта төмен деңгейдің 14%-ға аз екенін және жоғары деңгейдің 12%-ға артық екенін дәлелдейді.

«Эстетикалық талғамды диагностикалау» әдістемесі бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 34%-ды құрады, ал бақылау тобында 20% болды. Орташа деңгей екі топта да 50%-ды көрсетті. Төмен деңгей эксперименттік топта 16%, бақылау тобында 30% болды. Нәтижелер эстетикалық талғамды қалыптастыруда эксперименттік ықпалдың тиімділігін байқатады.

Р.М.Чумичева әдістемесі бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 30%, бақылау тобында 20%; орташа деңгей 52% және 50%; төмен деңгей 18% және 30% болды. Бұл эмоционалды-тұлғалық қатынастың эксперименттік топта айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Музыканы қабылдауға эмоционалды реакция көрсеткіші бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 34%-ға жетсе, бақылау тобында 18% ғана болды. Орташа деңгей 50% және 52%, ал төмен деңгей сәйкесінше 16% және 30% құрады. Эксперименттік топта жоғары деңгейдің бақылау тобынан 16%-ға артық болуы балалардың музыканы эмоционалды қабылдау қабілетінің күшейгенін дәлелдейді. Музыкаға қызығушылықтың тұрақтылығы бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 30%, бақылау тобында 20%; орташа деңгей екі топта да 52%; төмен деңгей эксперименттік топта 18%, бақылау тобында 28% болды. Бұл көрсеткіштер эксперименттік топтағы балалардың музыкаға тұрақты қызығушылығы қалыптасқанын көрсетеді. Музыка әуеніне сәйкес мінез-құлықтың көріну дәрежесі бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей 36%-ды құрады, ал бақылау тобында 23% болды. Орташа деңгей екі топта да 50%-ды көрсетті. Төмен деңгей эксперименттік топта 14%, бақылау тобында 28% болды. Бұл нәтижелер эстетикалық мінез-құлықтың қалыптасуында эксперименттік ықпалдың әсерін көрсетеді.

С.А.Карташев әдістемесі бойынша музыкалық-эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейі эксперименттік топта жоғары деңгейде 30%, бақылау тобында 20%; орташа деңгей 52% және 48%; төмен деңгей 18% және 32% болды. Математикалық-статистикалық тұрғыдан барлық әдістемелер бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткіштері бақылау тобынан орта есеппен 10–16% жоғары, ал төмен деңгей көрсеткіштері 10–14% төмен екендігі анықталды. Орташа деңгей екі топта шамалас болғанымен, эксперименттік топтағы балалардың бір бөлігі төмен деңгейден жоғары деңгейге ауысқанын көрсетеді.


Жалпы алғанда, қалыптастыру экспериментінің нәтижелері эстетикалық талғамды дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық жұмыстың тиімді болғанын дәлелдейді. Эксперименттік топта эстетикалық қызығушылық, эмоционалдық қабылдау, музыкалық мәдениет және мінез-құлықтық көріністердің даму деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылаған. Бұл эстетикалық тәрбиеге негізделген әдістемелік ықпалдың балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Мұның өзі бізбен қолданылған дамытушы ойындардан тұратын бағдарлама мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық дамуына оң ықпалын тигізгенін көрсетті.


Енді төмендегі салыстырмалы 4-кестеден анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердегі көрсеткіштер нәтижелерін көруге болады (3-4 суреттерде).

4-кесте – Бақылау және эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Деңгейлер	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	11 (20,4 %)	19 (35,2 %)	10 (19,20 %)	12 (23 %)
Орташа	25 (46,3 %)	27 (50%)	26 (50 %)	24 (46,2 %)
Төменгі	18 (33,3 %)	8 (14,8%)	16 (30,80 %)	16 (30,8 %)



Сурет 3 – ЭТ-ның динамикалық өзгерістері



Сурет 4 – БТ-ның динамикалық өзгерістері

Эксперименттің соңғы бақылау кезеңінің нәтижелерінен 4-суреттен байқағанымыздай, қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топ балаларында эстетикалық талғамының жалпы көрсеткіштері бағдарламаны жүргізгеннен кейін едәуір артқан.

Ендігі кезекте бізбен қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі алынған нәтижелердің сенімділігін тексеру үшін мәліметтердің математикалық-статистикалық өңделуі жүргізілді. Ол үшін бізбен Фишердің бұрыштық қайта құру  $\varphi^*$ -критерийі тандалып алынды.

Фишердің бұрыштық қайта құру  $\varphi^*$ -критерийі екі таңдама тобы зерттелушілерінің белгілі бір психологиялық өлшем бойынша пайыздық үлестері салыстырылып, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың әффектісін зерттеуде кеңінен қолданылады.

Фишер критерийін есептеу алдында жұмыс болжамдарын құрамыз.

Болжам құрастырамыз:

$H_0$  – 2-ші топта эстетикалық талғамы жоғары дамығандардың саны, 1-ші топқа қарағанда, басым емес.

$H_1$  – 2-ші топта эстетикалық талғамы жоғары дамығандардың саны, 1-ші топқа қарағанда, басым.

Енді Фишер критерийін есептеу кестесін көрсетейік. Бұл кестеде эмпирикалық жиілік «әффект бар» және «әффект жоқ» болып екі нәтиже бойынша шығарылады.

5-кестеде екі топтың эстетикалық талғамның даму деңгейі бойынша пайыздық үлестерінің нәтижелері көрсетілген.

5-кесте – Фишердің бұрыштық қайта құру  $\varphi^*$ -критерийін есептеу

Топтар	Эстетикалық талғамның жоғары даму деңгейін көрсеткендер «әффектісі барлар»		Топтар	Эстетикалық талғамның төменгі даму деңгейін көрсеткендер «әффектісі жоқтар»		Қосынды
	Зерттеушілер саны	% үлес		Зерттеушілер саны	% үлес	
Эксперименттік топ	31	(62 %)	1-топ	19	(38 %)	50 (100 %)
Бақылау тобы	17	(34 %)		2-топ	33	(66 %)
Қосынды	48				52	

$\varphi^*$ -критерийінің эмпирикалық көрсеткішін келесі формула бойынша есептейміз.

$$\varphi^* = (\varphi_1 - \varphi_2) \cdot \sqrt{\frac{n_1 \cdot n_2}{n_1 + n_2}}$$

$\varphi_1$  – бұрышы үлкен пайыздық үлеске, ал  $\varphi_2$  – бұрышы кіші пайыздық үлеске сәйкес;  $n_1$  – 1-ші топтағы адамдар саны;  $n_2$  – 2-ші топтағы адамдар саны;

Есептей нәтижесінде  $\varphi^*_{эмп} = 2,84$  болып шықты.

Критикалық мәннің статистикалық мәліметі мынадай:

$$\varphi^*_{кр} = \begin{cases} 1.64 (p \leq 0.05) \\ 2.31 (p \leq 0.01) \end{cases}$$

$$\varphi_{эмп} = 2,84$$

$$\varphi_{эмп} > \varphi_{кр}$$

Алынған  $\phi^*$  эмпирикалық көрсеткіші мәнді аймақта орналасқан. Сондықтан,  $H_0$  болжамы шеттетіліп, альтернативтік  $H_1$  статистикалық болжамы қабылданады.

Яғни, эстетикалық талғамы дамыған 2-ші топ 1-ші топқа қарағанда эффектісі жоғары болып шықты. Олай болса, мұның өзі екінші топты құраған эксперименттік топта қалыптастырушы-дамытушы іс-шараларға белсенді қатысу нәтижесінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамы жоғары деңгейде қалыптасқандығын білдіреді.

Талдаулар көрсеткеніндей, «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамы» – *баланың қоршаған ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті, көркем бейнелерді, өнер туындыларын және табиғат сұлулығын қабылдап, бағалай алу қабілетін сипаттайтын тұлғалық қасиет*» деп нақтыланды. Авторлық анықтамада берілгендей, баланың әдемілік пен көркемдікті ажырату, оған эмоционалдық қатынас білдіру, эстетикалық құндылықтарды түсіну және өз әрекетінде (сурет салу, музыка, ойын, сәндік іс-әрекет) эстетикалық таңдаулар жасау қабілеті арқылы көрінеді. Мектепке дейінгі ересек жаста эстетикалық талғам баланың сезімдік тәжірибесі, қиялы, шығармашылық белсенділігі және мәдени орта әсерімен қалыптасып, оның көркемдік дүниетанымының дамуына негіз болады.

Ғылыми тұрғыда *эстетикалық талғам – баланың эстетикалық қабылдау, эстетикалық эмоция, бағалау және шығармашылық әрекет компоненттерінің бірлігін қамтитын күрделі психологиялық-педагогикалық құрылым* ретінде қарастырылады.

**Қорытынды.** Мектеп жасына дейінгі балаға эстетикалық талғам қалыптастыруды жүзеге асыра отырып, педагог болашақта рухани байлық пен ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, шынайы эстетикалық талғам қасиеттерді, адамгершілік тазалықты және жоғары интеллектуалдық әлеуетті біріктіретін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді. Эстетикалық тәрбие бойынша жүйелі жұмыс балаларға музыкалық-эстетикалық талғам қалыптастыруда үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Балалардың эстетикалық талғамы және музыкалық дамуы музыкалық әрекеттерді ұйымдастыру формаларына да байланысты, олардың әрқайсысының өзіндік мүмкіндіктері бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық-эстетикалық талғам тәрбиесіне музыкалық өнердің интегративті әлеуеті оның басқа түрлерімен, адам қызметінің әр алуан түрлерімен және музыканың барлық функционалдық мүмкіндіктерімен өзара әрекеттесе отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік-эстетикалық тәрбиесіне ықпал еткенде қол жеткізуге болады. Бұл эстетикалық тәрбиеге барынша ықпал ететін және жан-жақты және үйлесімді дамыған бала тұлғасының қалыптасуына әсер ететін мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің барлық түрлеріне музыканы кіріктіру болып табылады.

Біз зерттеу барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырудың теориялық негіздерін қарастырып, әдістемесін құрдық, авторлық бағдарламаның тәжірибедегі тиімділігіне эксперименттік жұмыстар арқылы қол жеткіздік.

Зерттеуіміздің практикалық маңызын күшейтуде ұсыынстар беріледі:

- *мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын музыкалық-ойын әрекеті арқылы қалыптастырудың жүйесі мен авторлық бағдарламаны мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие мазмұнына ендіруге болады;*

- *музыкалық-ойын әрекеті арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру бойынша жасалған сабақ жоспарларын музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балабақшаның жұмыс практикасында пайдалануға болады.*

Сонымен тәжірибелік эксперименттен алынған нәтижелерден келесі қорытынды жасауға болады: біз әзірлеген дамытушы музыкалық ойындардан тұратын бағдарлама оң нәтижесін беріп, эксперименттік дамытушы іс-шараларына қатысқан балалардың эстетикалық талғамының жан-жақты дамып, қалыптасқандығын байқауымызға болады. Мұның өзі зерттеу болжамының дәлелденгенін білдіріп, тұтас жүргізілген зерттеудің мақсат-міндеттерінің орындалғандығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> (қаралған күні 11.12.2024)
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> (қаралған күні 12.12.2024)
3. Доронова Т.Н. Взаимодействие дошкольного учреждения с родителями. Пособие для работников дошкольных образовательных учреждений. - М., 2002. – 120 с.]
4. Дошкольная педагогика. Эстетическое воспитание и развитие : учебник и практикум для вузов / Е. А.Дубровская [и др.] ; под редакцией Е. А.Дубровской, С. А.Козловой. — 2-е изд., испр. и доп.- Москва : Издательство Юрайт, 2022. — 179 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-534-06300-4. - Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL:<https://urait.ru/bcode/490678> (дата обращения: 16.11.2024)
5. Бухарова И.С. Диагностика и развитие творческих способностей детей младшего школьного возраста : учебное пособие для вузов / И. С. Бухарова. - 2-е изд., перераб. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2022. — 119 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-08212-8. - Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт].м - URL: <https://urait.ru/bcode/492837> (дата обращения: 16.11.2024).
6. Барышева Т.А. Психология творчества : учебник для вузов / Т. А. Барышева. — Москва : Издательство Юрайт, 2022. - 300 с. - (Высшее образование). - ISBN 978-5-534-13240-3. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. - URL: <https://urait.ru/bcode/497363> (дата обращения: 04.09.2024).
7. Комарова Т.С. Детское художественное творчество : методическое пособие / Т. С. Комарова. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва : Мозаика-Синтез, 2008. – 160 с. – Режим доступа: по подписке. – <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=212588> (дата обращения: 08.09.2024). – ISBN 978-5-86775-273-6.
8. Баранова Е.В. От навыков к творчеству: обучение детей 2-7 лет технике рисования : учебно-методическое пособие : / Е. В. Баранова, А. М. Савельева. – Москва : Мозаика-Синтез, 2009. – 59 с. – Режим доступа: по подписке. – <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=212949> (дата обращения: 12.11.2024). – ISBN 978-5-86775-697-0.
9. Шаляпина И.А. Нетрадиционное рисование с дошкольниками: 20 познавательных-игровых занятий : методическое пособие./ И.А.Шаляпина. – Москва : Творческий центр Сфера, 2019. – 64 с. – (Библиотека современного детского сада). – Режим доступа: по подписке. <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=602970> – Библиогр.: с. 63. – ISBN 978-5-9949-1359-8.
10. Погодина С.В. Теория и технология развития детского художественного творчества : учебник для студ. вузов, обуч. по направл. «Пед. Образование» (профиль «дошк. Образование», «Психол.-пед. Образование» (профиль «психология и педагогика дошк. Образования») / С.В.Погодина. - М.:Академия, 2014. - 384 с. - (Высшее образование. Педагогическое образование) (Бакалавриат). - Список лит.: с. 379-382. - ISBN 978-5-4468-0570-9
11. Казакова Т.Г. Теория и методика развития детского изобразительного творчества : учеб. пособие для студ. вузов, обуч. по спец. «Дошкольная педагогика и психология», "Педагогика и методика дошкольного образования" / Т.Г.Казакова. - М. : ВЛАДОС, 2006. - 255 с. - ISBN 5-691-01561-3

References:

1. Mektepke deingi tárбие мен оқыдыñ мемлекеттик жалпыға ортақ стандарттары: Qazaqstan Respýblikasy Oqý-aǵartý ministriniñ 2022 jylǵy 3 tamyzǵa №348 buıryǵy. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> (qaralǵan kún 11.12.2024)
2. Mektepke deingi tárбие мен оқыдыñ úlgili oqý baǵdarlamasy: Qazaqstan Respýblikasy Oqý-aǵartý ministriniñ 2022 jylǵy 14 qazandaǵy №422 buıryǵy. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> (qaralǵan kún 12.12.2024)
3. Doronova t.n. mektepke deingi mekemeniñ ata-analarmen ózara áreketesýi. Mektepke deingi bilim berý mekemeleriniñ qyzmetkerlerine arnalǵan járdemaǵy. - M., 2002. – 120 b.
4. Mektepke deingi pedagogika. Estetikalyq tárбие jáне damý: joǵary oqý oryndaryna arnalǵan oqýlyq jáне praktikým / E. A. Dýbrovskaja [jáne t.b.]; redaksialaǵan E. A. Dýbrovskaja, S. A. Kozlova. - 2-shi basylým.. jáне qosymsha - Máskey: Ýrait baspasy, 2022. — 179 b. — (joǵary bilim). - ISBN 978-5-534-06300-4. - Mátin: elektrondyq // bilim berý platformasy Ýrait [sait]. — URL: <https://urait.ru/bcode/490678> (qaralǵan kún: 16.11.2024)
5. Buharova I.S. bastayysh mektep jasyndaǵy balalaryñ shyǵarmashylyq qabiletterin diagnostikalay jáне damytý : joǵary oqý oryndaryna arnalǵan oqý quraly / i. s. Buharova. - 2-shi basylým., qaita óñdeý. jáне qosymsha. — Máskey: Ýrait baspasy, 2022. — 119 b. — (joǵary bilim). — ISBN 978-5-534-08212-8. - Mátin: elektrondyq // bilim berý platformasy Ýrait [sait].m-URL: <https://urait.ru/bcode/492837> (qaralǵan kún: 16.11.2024).
6. Barysheva T.A. shyǵarmashylyq psihologiasy: joǵary oqý oryndaryna arnalǵan oqýlyq / T. A. Barysheva. - Máskey: Ýrait Baspasy, 2022. - 300 b. - (joǵary bilim). - ISBN 978-5-534-13240-3. - Mátin: elektrondyq // bilim berý platformasy Ýrait [sait]. - URL: <https://urait.ru/bcode/497363> (qaralǵan kún: 04.09.2024).
7. Komarova T.S. balalaryñ kórkem shyǵarmashylyǵy : ádistemelik qural / T. s. Komarova. - 2-shi basylým.. jáне qosymsha – Máskey: Mozaika-Sintez, 2008. – 160 B. - - URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=212588> (qaralǵan kún: 08.09.2024). – ISBN 978-5-86775-273-6.

8. Baranova E.V. *shygarmashylyq dagdylardan: 2-7 jastaǵy balalardy syret saly tehnikasyna úrety: oqy-ádistemelik qural: [16+] / e. v. Baranova, A. M. Saveleva. - Máskey: MOZAIKA-Sintez, 2009. - 59 b. - qol jetkizy rejimi: jazylym boynsha. - URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=212949> (qaralǵan kún: 12.11.2024). - ISBN 978-5-86775-697-0.*

9. Shalápina I.A. *mektep jasyna deingi balalarmen dástúrli emes syret saly: 20 tanyndyq jáne olyn sabaqtary: ádistemelik qural: [16+] / i. A. Shalápina. - Máskey: sfera shygarmashylyq ortalyǵy, 2019. - 64 b. - (Qazirgi balabaqsha kitaphanasyny). - Kiry rejimi: jazylym boynsha. - URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=602970>. - Bibliograf.: b. 63. - ISBN 978-5-9949-1359-8.*

10. Pogodina S.V. *balalardyń kórkem shygarmashylyǵyn damyty teoriasy men tehnologiasy: stýdentterge arnalǵan oqylyq. JOO, oqyty. baǵyt boynsha. "Ped. Bilim" (profil "doshk. Bilim", "Psihol.- ped. Bilim" (profil "doshk psihologiasy jáne pedagogikasy. Bilim Berý") / S. V. Pogodina. - M.: Akademia, 2014. - 384 b. - (joǵary bilim. Pedagogikalıq bilim) (Bakalavriat). - Jaryq tizimi.: 379-382 BB. - ISBN 978-5-4468-0570-9*

11. Kazakova T. *G.balalardyń beimeley shygarmashylyǵyn damytydyń teoriasy men ádistemesi: oqy. stýdentterge arnalǵan nusqaılyq. JOO, oqyty. arnaty. "Mektepke deingi pedagogika jáne psihologia", "Mektepke deingi bilim berýdiń pedagogikasy men ádistemesi" / T.G. Kazakova. - M.: VLADOS, 2006. - 255 b. - ISBN 5-691-01561-3*

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.032>

Бекбаева М.Т.,<sup>1\*</sup>  Аренова А.Х.,<sup>1</sup>  Yücel Gelişli<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Казахский Национальный Педагогический университета имени Абая  
г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Университет Гази, г.Анкара, Турция

## ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

### Аннотация

Авторы статьи рассматривают теоретические и практико-ориентированные основы формирования функциональной математической грамотности у младших школьников в контексте современных образовательных тенденций и требований к начальному образованию. В ходе исследования применялись теоретические методы: анализ, синтез, обобщение, сравнение и интерпретация фактов. В статье раскрываются такие понятия, как «функциональная грамотность», «функциональная математическая грамотность». Отмечается, что функциональная грамотность-это не новые знания, это компетенции -готовность и способность школьника к решению проблем, готовность и способность действовать с опорой на жизненный опыт и на уже полученные знания, способность к обобщениям, синтезу, интеграции и переносу знаний, умений и навыков для решения различных жизненных проблемных ситуаций, готовность к самообразованию.

Математическая грамотность позволяет увидеть практическую составляющую предмета и применить ее в конкретной жизненной ситуации. Математический компонент выступает основой для формирования рационального и критического мышления, умения работать с информацией в ходе решения задач, принимать обоснованные решения и придерживаться четкой позиции.

В статье описаны разнообразные средства формирования функциональной математической грамотности в начальной школе: ситуативные задачи, в условии которых используются реальные ситуации, основанные на жизненном опыте учащихся, цифровые тренажеры, проекты. В результате авторы приходят к выводу, что данная работа анализирует формирование функциональной математической грамотности у младших школьников, представляя практические примеры и рекомендации для педагогического процесса.

**Ключевые слова:** начальная школа, младшие школьники, начальное обучение математике, функциональная грамотность, математическая грамотность, средства обучения.